

**6D01400-Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған Садыкова Асем Кайратовнаның «Кәсіби  
педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы (XIX ғасырдың  
екінші жартысы - 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария  
облыстарының мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасындағы білім берудегі тенденциялар, соңғы кезде болып жатқан елеулі өзгерістер және оны жүзеге асыру тәжірибесінің қазіргі жайы біртұтас педагогикалық үдеріске, сондай-ақ мұғалімнің өзіне, оның дайындығына қатысты жаңа талаптар қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары сияқты білім беру саласын дамытуға арналған еліміздің мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарында болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби даярлығын дамыту мәселелесі басты міндеттер қатарына қойылған. Бүгінгі таңда оқушымен қатар педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің де білім сапасын арттыру педагогика ғылымы мен практикадағы өзекті мәселелердің біріне айналууда. Осыған орай А.К. Садыкованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарындағы ғылыми және инновациялық қызметтің басым бағыттарына сәйкес келеді. Қазіргі жалпы білім беретін мектепті дамытудың мәселелері кәсіби-педагогикалық білім берудің қалыптасуы тарихы және оның эволюциясымен тығыз байланысты екені белгілі. Осыған негіздесек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау тарихы бойынша зерттеу жұмыстары

			<p>бүгінгі таңда қолданбалы мәнге ие, бұл бізге тарихтың сабақтастығы мен тарихи тәжірибені көрсетеді. Рецензияланған жұмыстың өзектілігі, ғылыми және практикалық маңыздылығы педагогикалық мамандарды даярлау тарихын тарихи ретроспективада қайта қарастыру қажеттілігімен де байланысты.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  <b>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</b></p>	<p>3) А.К.Садықованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D016-Тарих (6D011400-Тарих) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Бұл мәселені зерттеу ғылыми таным қажеттіліктеріне байланысты туындап отыр. Отандық тарихнамада Ресей империясының шеткері ұлт аймақтарындағы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының нәтижелерін жан-жақты көрсетуге арналған зерттеу жұмысы жоқ, оның ішіндегі Түркістан генерал-губернаторлығына қатысты. Кәсіби мұғалімдерді дайындау тарихын зерттеуге назар аудару, азаматтықты қалыптастыру арқылы халықтың тарихи санасын жұмылдырады. Бұл рецензияланған жұмыстың практикалық маңыздылығын айқындайды. Ғылыми нәтижелер ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми маңыздылығын және тарихи ретроспективтегі педагогикалық білім берудің қалыптасу тарихын зерттеуге арналған деп айтуға мүмкіндік береді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың алынған ғылыми нәтижелері тәуелсіз, негізделген және кіріспеде анықталған міндеттермен</p>



		<p>3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>байланысты. Диссертацияда зерттелген мәселеге кешенді тарихнамалық және деректанулық талдау жүргізілген. Түркістан генерал-губернаторлығындағы мұғалімдер семинариясының мектептер ашудағы және оған мұғалімдер дайындаудағы қызметіне, семинариядағы білім сапасына, оның рухани дамуына ықпал ету қызметінің ерекшелігі анықталған. Зерттеу жұмысында шәкірттердің полиэтникалық құрамы мен олардың әлеуметтік шығу тегі көрсетілген. Аймақтағы халыққа жергілікті отарлаушы әкімшіліктің халық ағарту ісі бойынша іс-әрекет ықпалының тәжірибесі де айқындалған. Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейінің жоғарлығы зерттеу жұмысының нәтижелерімен және ғылыми-әдістемелік еңбекті жазу арқылы қосқан үлесімен анықталған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертация аяқталған, толыққанды зерттеу жұмысы, ізденушінің апробацияланған деректеріне негіздеген. Оның ішкі бірлігі нақты құрылымынан, тақырыптық-хронологиялық және логикалық жағынан дәйектелген материалдарға негізделуінен көрінеді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <b>1) айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны анықтайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автор диссертация тақырыбына толық сәйкес келетін зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдаған. Зерттеу жұмысының басты мақсаты XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бас кезеңіндегі Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихы негізінде бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мәселесін зерттей отырып, мынадай міндеттерді шешкен. Түркістан, Верный мұғалімдер семинариясының ашылу мен қалыптасу үрдісі анықталған, мұғалімдер</p>

			<p>семинариясы, педагогикалық курстардағы мамандарды даярлау тарихы көрсетіліп, жалпы білім беру мазмұнына талдау жасалынған.</p> <p>Түркістан генерал-губернаторлығының полиэтникалық тұрғындарын білім беру үрдісіне қосу ахуалы қарастырылған;</p> <p>Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагог мамандарды даярлаудағы қалалық училищелер жанынан ашылған педагогикалық курстардың рөлі де белгіленген;</p> <p>Сырдария, Жетісу облыстарындағы мұғалімдер съездерінің педагог мамандардың біліктілігін арттырудағы рөлі дәлелді айқындалған;</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өз ара байланыста. Жұмыс аяқталған, тұтастай ғылыми жүйені көрсетеді. Ол осы зерттеу жұмысының кешенді ғылыми-әдістемелік дәлелдерінде, тұжырымдық принциптерінде, ұстанымдарында көрініс тапқан.</p> <p>Бұл ғылыми зерттеуде алынған нәтижелердің ішкі бірлігі, ұсынылған ережелердің логикалық дәйектілігі, ұсынылған қағидаттардың маңыздылығы мен нақты құрылымы бар.</p> <p>Ғылыми зерттеу жұмысы қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған, жұмыста алынған нәтижелер, қорытындылар ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысты бөлімдер мен бөлімшелерден тұрады .</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автордың алған нәтижелері ҚР Орталық мемлекеттік архивынан (127, 44, 90, 95 қорлар) және ТР Мемлекеттік архиві (968-қор) қорынан алынған материалдарға, мерзімдік деректерге дәйектелген. Архив қорларының кейбір құжаттары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген.</p> <p>Автор төмендегідей мерзімді баспасөздерді пайдаланған: «Туркестанские ведомости», «Московские ведомости», «Журнал Министерства народного просвещения», «Голос Семиречья», «Правда Семиречья»</p>



			<p>Халық Ағарту министрлігі ведомствосына қараған халықтық училищелерге мұғалімдер дайындауға қатысты педагогикалық курстарды ұйымдастыру туралы Ресей империясының заңнамалық құжаттарына дәйектелген.</p> <p>Автор XIX ғасыр және XX ғасырдың бас кезеңіндегі тарихи деректер мен әдебиеттерге сыни талдау жасаған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа. Бүгінгі дейін мұғалімдер семинариясына қатысты ғылыми мақалалар болғанымен, іргелі зерттеулер жүргізілмеді. Диссертант кәсіби педагогикалық оқу орындарына арналған ғылыми материалдар мен архив деректерін пайдалана отырып терең және толық зерттеулер жүргізген. Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>1- нәтиже жаңа.</i> Архив деректері мен тарихи, ғылыми-педагогикалық әдебиеттер негізінде Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагогикалық білім беруге оқу орындарының құрылу, қалыптасу тарихы алғаш рет Қазақстан тарихнамасында аймақтық, күнделікті тарих теориясы негізінде зерттелді.</p> <p><i>2- нәтиже жаңа.</i> Орынбор, Батыс Сібір оқу округтеріне қараған мұғалімдер семинариясының тарихнамасына қатысты зерттеулерге тарихнамалық шолу жасалғанымен, Сырдария, Жетісу облыстарының мысалында бастауыш сыныптық оқу орындарына кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің тарихнамасы мен деректік көздеріне талдау алғаш рет жасалынды.</p> <p><i>3- нәтиже жаңа.</i> Сырдария, Жетісу облыстарының мысалында кәсіби педагогтарды дайындау мәселесінің өңірлік ерекшелігін талдап, оған ғылыми баға берілген;</p> <p><i>4-нәтиже жаңа.</i> Ресей империясының тарихындағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаған Түркістан, Жетісу мұғалімдер семинариясы шәкірттерінің ұлттық, діни құрамына, әлеуметтік тегіне ғылыми тұрғыдан</p>

			<p>талдау жасалынған;  <i>5-нәтиже жаңа.</i> Сырдария, Жетісу облыстарындағы кәсіби педагог мамандарды дайындау тарихының Ресей империясы кезеңі мен Қазан төңкерісінен кейінгі уақыттағы ерекшеліктері салыстырылып көрсетілген;  <i>6- нәтиже жаңа.</i> Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы, бірінші рет ғылыми айналымға енгізілген бір өңірге қатысты архив құжаттарының фактілері мен талдаулары XIX екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан оқу округтеріндегі педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми идеялардың байытылуына ықпал етеді;  <i>7-нәтиже жаңа.</i> XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихын оқытудың әдістемесі жасалған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	<p>А.К. Садықованың диссертациялық жұмысының тұжырымдары жаңа және зерттеудің деректану мен тарихнамалық құралдарына сәйкес келеді. Жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижелері де жаңа.</p> <p>-Өңірлік тарихты зерттеу әдісі негізінде автор Түркістан оқу округіндегі педагог мамандарды даярлаудың ерекшеліктерін анықтаған;</p> <p>- Автор жергілікті және орталық биліктің халықты Имерияның бірыңғай білім беру кеңістігіне қосу жөніндегі практикалық іс-әрекеттерінің өзара байланыстылығы мен бір уақытта жүзеге асырылғандығын көрсеткен;</p> <p>- Нақты дәйектелген материалдар негізінде Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір оқу округтеріндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың жалпы үрдістерін анықтаған;</p> <p>- Семинарлардағы оқу процесінің мазмұнына (пәндер, оқулықтар мен оқу құралдары) қатысты аймақтық әкімшіліктің көзқарастары, ұстанымдарын анықтаған (генерал-губернатор, әскери губернатор, оқу инспекторлары);</p> <p>-Жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелері өңірдегі педагогикалық білім берудің қалыптасу ерекшеліктерін талдауға,</p>



			методологияны нақтылауға, тандалған оқу моделін жүргізудің тәжірибелік қорытындыларын көрсетуге бағытталған;
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автор ұсынған XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бас кезеңіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихын оқыту, болашақ мұғалімдерге педагогикалық оқу орындарының тарихын білуге, өткен тарихтың тәжірибиесінен үйренуге, кемшіл тұстарын ескеруге және үйренгендерін практикалық іс-әрекетте қолдануға арналған ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және дәйектелген. Ол тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындыларымен, енгізу актілерімен және нәтижелерімен, зерттеу жұмысы барысындағы ғылыми жарияланымдармен расталынған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу қорытындыларының нәтижелері теориялық тарихи принциптерге, тарихи, философиялық, педагогикалық әдебиеттердің алуан түрімен байланыстарға негізделген. Диссертация мазмұны зерттеу жұмысында қойған мақсат пен міндеттермен үйлесіп, зерттеудің эмпирикалық және теориялық әдістерімен қабаттасып, тарихты дамытудағы әр түрлі әдіс, тәсіл, құралдар жиынтығын қолдануға, ауқымды дәлелдерге дәйектелген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <b>1) дәлелденді;</b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <b>2) жоқ</b> 7.3 Жаңа ма? <b>1) ия;</b> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <b>3) кең</b> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>1) ия;</b>	7. Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған әрбір қағидат дәлелденген. 7.1. XIX ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың бас кезеңіндегі Түркістан оқу округіндегі бастауыш сынып сынып мұғалімдерін даярлау ерекшелігіне қатысты қағидаты дәлелденген. 7.2. Қағидаттары тривиалды емес, алдағы уақытта қолдану деңгейі кең. 7.3 Ия, бұл қағидалар жаңа, себебі тарихи деректер мен әдебиеттерді талдау негізінде дәлелденген: -Ресей империясының шет аймақтардағы, оның ішіндегі Түркістан генерал-губернаторлығында жүргізген мемлекеттік саясатының жалпы тенденциялары; -жергілікті әкімшіліктің (әскери губернатор, уез бастықтарының) Орталықпен өзара байланыста іс-әрекетте болғандығы;



		2) жоқ	<p>-Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы Түркістан, Верный мұғалімдер семинариясы, қалалық училище жанынан ашылған педагогикалық курстардың рөлі;</p> <p>-Мұғалімдер семинариясы шәкірттерінің полиэтникалық құрамы Түркістан оқу округі инспекторының есептері, шәкірттердің өтініштерін және т.б. талдау арқылы;</p> <p>-Мұғалімдер семинариясындағы оқу үрдісінің мазмұны мен оқулықтар мен оқу жоспралары арқылы дәлелденген;</p> <p>-Халық Ағарту саласында жұмыс жасаған семинария түлектерінің тағдыры;</p> <p>7.4.Қағидаттардың қолдану деңгейі-кең, ғылыми нәтижелер педагогика тарихы, Ресей империясы, өңірлер мен түркі тілдес халықтар тарихы бойынша жалпы және арнайы курстарды оқу үшін практикалық маңызы бар. Диссертациялық жұмыстың зерттеу материалдарын мектеп пен педагогикалық университеттердің оқу процесінде қолдану үшін де ұсынуға болады.</p> <p>7.5. Қағидаттары дәлелді. Зерттеу нәтижелерінің қорытындылары 11 ғылыми мақалада, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 3 басылымда; "Scopus" деректер базасына кіретін 1 ғылыми басылымда, 7 ғылыми-практикалық, халықаралық, республикалық конференция материалдарында жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Өдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Автордың зерттеу әдіснамасын таңдауы алынған нәтижелердің дұрыстығын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері тарихилық пен обьективтілік, жүйелілік принциптері болып табылады.</p> <p>Автор қолданған зерттеу методологиясы алынған нәтижелердің дәлелділігін анықтайды. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мәселесін өңірлік теория және күнделікті тарих теориясына негіздеу зерттеген аймақтың педагогикалық білім беру жүйесінің аймақтық ерекшеліктерін нақтылауға, қорытуға негіз берген. Зерттеудің мақсаты, болжамы мен міндеттерін шешуде теориялық-методологиядағы</p>



		2) жоқ	тарихилық пен объективтілік, жүйелілік, принциптеріне және нақты-тарихилық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік, ретроспективтік, квантативтік әдістерге сүйенген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тәсілдері, кәсіби педагогикалық оқу орындары тарихының мәселелерін зерделеу тәжірибелік-эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдарда, Қазақстан Республикасында және шетелдегі халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында 11 мақала жариялаған. Эксперименттік зерттеуде сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау, сандық талдау әдістеріне және нәтижелерді өңдеуде салыстырмалы әдістер қолданған. А.К.Садықованың диссертациясындағы эксперименттік тәжірибе жұмысына Жамбыл облысы Тараз қаласындағы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің «Бастауыш білім беру» мұғалімі мамандығында оқитын 94 студент қатысқан. Олардың 46-сы – бақылау тобы, ал 48-і – эксперименттік топ.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәліметтер Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві және Татарстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қорларындағы құжаттар, XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың бас кезеңіндегі мерзімді басылым деректері мен ғылыми зерттеулердің сілтемелерімен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер) тәуелсіз және аяқталған жұмысты жазу үшін жеткілікті. Автор Қазан төңкерісіне дейінгі, кеңес билігі мен қазіргі заманғы әдебиет көздерінің 211 атауын берген. Сілтемелер жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар: 1.Түркістан оқу округіндегі бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауға

			<p>бағытталған педагогикалық білім беретін оқу орындарын зерттеу нәтижелері Батыс Сібір, Орынбор оқу округіндегі мұғалімдер семинариялары мен мектепті зерттеуде салыстырмалы түрде талдауға негіз жасайтындығы.</p> <p>2.Зерттеу материалдары педагогикалық жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде Ресей империясы кезеңіндегі оқу орындары тарихын, мұғалімдер семинариясы, педагогикалық оқу орындары тарихын, бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тарихына қатысты таңдау компоненттеріндегі элективті пәндер, лекциялар курсы, оқулық, оқу құралдарын дайындауға негіз жасайтындығы;</p> <p>3.Академиялық оқулық, мектеп оқулықтарындағы оқу орындарының тарихына қатысты зерттеулер мен тұжырымдар жасауға да негіз болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b></p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелердің практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Бірінші практикалық маңызы кәсіби педагогикалық оқу орындарының тарихын оқытумен сипатталады;</p> <p>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «7М01601-Тарих» мамандығы бойынша магистратураның 2020-2021 оқу жылындағы білім беру бағдарламасының оқу жоспарына «Мұғалімдер семинариясы мен мектебіндегі күнделікті өмір (XIXғ. II жартысы - XX ғ. басы)» деген пән таңдау компонентіне енгізілді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b> <b>2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады);</b> <b>3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</b></p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық ұсыныстары толығымен жаңа:</p> <p>-ЖОО–ның оқулықтарына, оқу құралдарына, мектеп оқулықтарына мұғалімдер семинариясының тарихын енгізу қажеттігі;</p> <p>- педагогикалық оқу орындары тарихына қатысты таңдау компоненттеріндегі лекциялар курсы, оқулық, оқу құралдарын дайындауға негіз болатындығы;</p> <p>-Педагогикалық ЖОО-да, педагогикалық колледждерде мұғалімдер семинариясының тарихы элективті пән ретінде оқыту ұсынысы.</p>



10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген ресімдер талаптарына сәйкес келеді.
-----	---------------------------	--	--

А.К.Садыкованың диссертациялық зерттеу жұмысында айтарлықтай ғылыми нәтижелер мен жаңалықтарға қол жеткізілгенімен, бірақ мынадай сын-ескерте, ұсыныстарымызды атап өтуді орынды санаймын:

1. «XIX ғасырдың II жартысы – 1917 жылдардағы кәсіби педагогикалық білім беретін оқу орындарының тарихына тарихнамалық және деректану тұрғысынан талдау» деп аталатын бірінші тарауына қатысты:

1.Түркістан генерал-губернаторлығының өңірлік тарих мысалында, тарих үрдісіндегі факторлық ерекшелігіне байланысты, методологиядағы жергілікті тарих мәселесінің жеке дербес бағыт ретінде қарастырсақ, әдіснамалық мәселеге көбірек көңіл бөлу қажеттілігі. Атап айтқанда А.Капеллер зерттеуіндегі өңірлік тарихқа қатысты зерттеу мәселесіне.

2. Мәселенің тарихнамасында осы мәселеге қатысты кейбір еңбектер қарастырылмаған. Тарихнамалық талдауда Түркістан генерал-губернаторлығы бойынша зерттеу жүргізген С. Абашиннің еңбегін атап өткен болар едім. Мысалы оның «Полвека в Туркестане. В.П. Наливкин: биография, документы, труды», "Моё мировоззрение" Владимира Наливкина: взгляды российского социалиста на имперской окраине» сынды зерттеулері. Өйткені автор В. Наливкинді парсы және сарт тілі пәнінің мұғалімі және мұғалімдер семинариясындағы сөздіктің авторы ретінде енгізген. Сонымен бірге отарлық білімді қалыптастыру және білім мен биліктің өзара әрекеттесуіне қатысты зерттеулерді. Мысалға атап айтқанда, жұмыс бойынша мынадай шетелдік ғалымдардың зерттеулерін қосқан жөн еді: 1.Campbell I W. Knowledge and Power on the Kazakh Steppe, 1845-1917.(2011) Campbell I W. Knowledge and the Ends of Empire, Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731-1917 Cornell University Press, 2017.

2.Adeeb Khalid The Politics of Muslim Cultural Reform jadidism in Central Asia ( 1998). Он же: Central Asia: A New History from the Imperial Conquests to the Present ( 2021) 3. Mustafa Tuna Imperial Russian Muslims. Islam, Empire and European modernity ( 1788-1914). Cambridge university press,2015 и др.

2. Автор екінші және үшінші тарауда Жетісу, Сырдария облыстарындағы мұғалімдер семинарияларының тарихын қарастырады және осыған байланысты мынадай сұрақ туындады. Біз Ресей империясының Дала аймағы мен Түркістан генерал-губернаторлығы аумағындағы білім беру саясатының мемлекеттің мүдделеріне жауап бергенін білеміз (мысалы, орыс тілі мен дәстүрін тұрғындар арасында тарату). Егер бұрын «орыстандыру» термині осы тенденциялар үшін қолданылса, қазір кезде «аккультурация» термині зерттеушілер көп қолданысқа ие, ол мәдениетаралық өзара әрекеттесу процесін білдіреді. «Аккультурация» термині шеткері аймақ саясатының қалыптасуында, халықтың сауатында, педагог мамандарды даярлауда және т.б. объективті көрінісін көрсете ала ма деген деген сауал туындайды.

Мұндай кеткен кемшіліктер мен сын ескертпелерге қарамастан, А.К.Садыкованың диссертациялық зерттеу жұмысы қызықты тарихи материалдарды пайдалана отырып жақсы ғылыми деңгейде жазылған деп бағалаймыз, бұл ізденушінің біліктілігі жоғары екеніне күмән келтірмейді. Сын ескертулер диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді. Жұмыс туралы айтылған ескертулер

диссертацияның артықшылықтары мен сапасын төмендетпейді, ол талаптарға толық сәйкес келеді.

Садыкова Асем Кайратовнаның 8D016 – Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011400/8D01601–Тарих) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Кәсіби педагогикалық білім беру оқу орындарының тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы - 1917 жылдардағы Жетісу және Сырдария облыстарының мысалында)» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған өзекті, дербес және аяқталған зерттеу болып табылады.

Шешім: Садыкова Асем Кайратовнаға 8D016 – Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011400/8D01601–Тарих) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

**Ресми рецензент,  
тарих ғылымдарының докторы,  
профессор,  
әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**



**Г.С.Султанғалиева**

